

**Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 маусымдағы № 255 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 507 қаулысы

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2024 жылғы 25 маусымдағы № 255 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 және 2-қосымшалары осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жариялағанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Ақсақалов*

Қостанай

облысы әкімдігінің

2024 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 507 қаулысына

1-қосымша

Қостанай

облысы әкімдігінің

2024 жылғы 25 маусымдағы

№ 255 қаулысына

**2024-2025 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

| №  | Мамандықтардың атауы                                                                        | Орындар саны | Оқу жылы үшін бір білім алушыға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) |          |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|----------------------------------------------------------------------------|----------|
|    |                                                                                             |              | 2024 жыл                                                                   | 2025 жыл |
| 1  | 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту                                                 | 258          | 143 981                                                                    | 294 363  |
| 2  | 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі                                    | 180          | 143 981                                                                    | 294 363  |
| 3  | 01140500 Дене тәрбиесі және спорт                                                           | 257          | 143 981                                                                    | 294 363  |
| 4  | 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | 120          | 143 981                                                                    | 294 363  |
| 5  | 01140700 Информатика                                                                        | 50           | 143 981                                                                    | 294 363  |
| 6  | 01140800 Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)                                                   | 105          | 146 443                                                                    | 299 605  |
| 7  | 02110400 Баспа ісі                                                                          | 35           | 146 443                                                                    | 299 605  |
| 8  | 02120100 Интерьер дизайны                                                                   | 48           | 159 980                                                                    | 328 440  |
| 9  | 02150100 Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)                                           | 36           | 399 460                                                                    | 805 321  |
| 10 | 02150200 Музыка теориясы                                                                    | 3            | 415 459                                                                    | 839 398  |
| 11 | 02150300 Вокалдық өнер                                                                      | 4            | 415 459                                                                    | 839 398  |
| 12 | 02150400 Хорды дирижерлау                                                                   | 9            | 415 459                                                                    | 839 398  |
| 13 | 02151000 Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)                                    | 100          | 415 459                                                                    | 839 398  |
| 14 | 03220100 Кітапхана ісі                                                                      | 15           | 143 981                                                                    | 294 363  |
|    | 03220200 Басқаруды                                                                          |              |                                                                            |          |

|    |                                                                                                                          |     |         |         |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---------|---------|
| 15 | құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану                                                                             | 25  | 143 981 | 294 363 |
| 16 | 04110100 Есеп және аудит                                                                                                 | 413 | 154 213 | 315 145 |
| 17 | 04120100 Банк және сақтандыру ісі                                                                                        | 124 | 146 443 | 299 605 |
| 18 | 04120200 Бағалау (түрлері бойынша)                                                                                       | 29  | 146 443 | 299 605 |
| 19 | 04130100 Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)                                                                  | 125 | 146 443 | 299 605 |
| 20 | 04130200 Логистика (салалар бойынша)                                                                                     | 60  | 146 443 | 299 605 |
| 21 | 04140100 Маркетинг (салалар бойынша)                                                                                     | 84  | 146 443 | 299 605 |
| 22 | 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)                                                     | 74  | 154 213 | 315 145 |
| 23 | 06130100 Бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)                                                               | 352 | 146 443 | 299 605 |
| 24 | 07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)                                                               | 62  | 167 750 | 343 980 |
| 25 | 07130200 Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)                                                                      | 64  | 167 750 | 343 980 |
| 26 | 07130400 Жылу техникалық жабдықтар және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)                                     | 25  | 159 980 | 328 440 |
| 27 | 07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) | 147 | 167 750 | 343 980 |
|    |                                                                                                                          |     |         |         |

|    |                                                                                                                            |     |         |         |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---------|---------|
| 28 | 07140100<br>Автоматтандыру<br>ж ә н е<br>технологиялық<br>процестерді басқару<br>(бейін бойынша)                           | 80  | 146 443 | 299 605 |
| 29 | 07140500 Сандық<br>техника (түрлері<br>бойынша)                                                                            | 50  | 146 443 | 299 605 |
| 30 | 07140600<br>Медициналық<br>техниканы<br>монтаждау,<br>техникалық қызмет<br>көрсету және<br>жөндеу                          | 15  | 146 443 | 299 605 |
| 31 | 07140700 Темір жол<br>көлігінде<br>автоматика,<br>телемеханика және<br>қозғалысты басқару                                  | 25  | 146 443 | 299 605 |
| 32 | 07150100 Машина<br>жасау технологиясы<br>(түрлері бойынша)                                                                 | 171 | 159 980 | 328 440 |
| 33 | 07150300 Токарлық<br>іс (түрлері бойынша<br>)                                                                              | 26  | 159 980 | 328 440 |
| 34 | 07150500<br>Дәнекерлеу ісі (<br>түрлері бойынша)                                                                           | 256 | 167 750 | 343 980 |
| 35 | 07150600<br>Слесарлық іс (<br>салалар және<br>түрлері бойынша)                                                             | 26  | 146 443 | 299 605 |
| 36 | 07150700 Жүк<br>көтергіш<br>машиналар мен<br>транспорттерлер                                                               | 22  | 159 980 | 328 440 |
| 37 | 07151100<br>Машиналар мен<br>жабдықтарды<br>пайдалану және<br>техникалық қызмет<br>көрсету (өнеркәсіп<br>салалары бойынша) | 30  | 159 980 | 328 440 |
| 38 | 07151200 Құю<br>өндірісі                                                                                                   | 15  | 159 980 | 328 440 |
| 39 | 07151300 Қара<br>металдар<br>металлургиясы                                                                                 | 25  | 159 980 | 328 440 |
|    |                                                                                                                            |     |         |         |

|    |                                                                                                  |     |         |         |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|---------|---------|
| 40 | 07160500 Темір жолдың тартқыш жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 51  | 159 980 | 328 440 |
| 41 | 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану                    | 304 | 167 750 | 343 980 |
| 42 | 07161400 Автомобиль құрастыру                                                                    | 50  | 159 980 | 328 440 |
| 43 | 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру                                                       | 285 | 167 750 | 343 980 |
| 44 | 07210200 Сүт және сүт өнімдерін өндіру                                                           | 25  | 159 980 | 328 440 |
| 45 | 07210300 Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі                                              | 94  | 159 980 | 328 440 |
| 46 | 07211200 Элеватор, ұн тарту, жарма және құрама жем өндірісі                                      | 27  | 159 980 | 328 440 |
| 47 | 07221400 Жиһаз өндірісі                                                                          | 25  | 159 980 | 328 440 |
| 48 | 07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу                                                   | 109 | 211 519 | 568 048 |
| 49 | 07240200 Маркшейдерлік іс                                                                        | 25  | 159 980 | 328 440 |
| 50 | 07240300 Пайдалы қазбалар кен орындарын ашық казу                                                | 23  | 159 980 | 328 440 |
| 51 | 07240500 Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)                                                  | 28  | 159 980 | 328 440 |
| 52 | 07240600 Жер асты құрылымдарының құрылысы                                                        | 20  | 159 980 | 328 440 |
| 53 | 07310100 Архитектура                                                                             | 25  | 159 980 | 328 440 |
| 54 | 07310200 Геодезия және картография                                                               | 25  | 159 980 | 328 440 |

|    |                                                                                  |     |           |           |
|----|----------------------------------------------------------------------------------|-----|-----------|-----------|
| 55 | 07310300 Жерге орналастыру                                                       | 30  | 159 980   | 328 440   |
| 56 | 07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану                         | 147 | 223 174   | 524 053   |
| 57 | 07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану              | 43  | 159 980   | 328 440   |
| 58 | 07321200 Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану | 40  | 159 980   | 328 440   |
| 59 | 07880100 Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)            | 26  | 143 981   | 294 363   |
| 60 | 08110100 Агрономия                                                               | 65  | 154 213   | 315 145   |
| 61 | 08210100 Орман шаруашылығы                                                       | 25  | 146 443   | 299 605   |
| 62 | 08410100 Ветеринария                                                             | 65  | 154 213   | 315 145   |
| 63 | 09120100 Емдеу ісі                                                               | 160 | 1 179 500 | 1 213 200 |
| 64 | 09130100 Мейіргер ісі                                                            | 185 | 1 179 500 | 1 213 200 |
| 65 | 09130200 Акушерлік іс                                                            | 40  | 1 179 500 | 1 213 200 |
| 66 | 09140100 Лабораториялық диагностика                                              | 25  | 1 179 500 | 1 213 200 |
| 67 | 09160100 Фармация                                                                | 15  | 1 179 500 | 1 213 200 |
| 68 | 09230100 Әлеуметтік жұмыс                                                        | 51  | 146 443   | 299 605   |
| 69 | 10120100 Шаштараз өнері                                                          | 65  | 159 980   | 328 440   |
| 70 | 10130100 Қонақ үй бизнесі                                                        | 25  | 146 443   | 299 605   |
| 71 | 10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру                                              | 428 | 167 750   | 343 980   |
|    | 10410200 Темір жол көлігінде                                                     |     |           |           |

|         |                                                                                               |      |         |         |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|------|---------|---------|
| 72      | тасымалдауды<br>ұйымдастыру және<br>қозғалысты басқару                                        | 100  | 159 980 | 328 440 |
| 73      | 10410300<br>Автомобиль<br>көлігінде<br>тасымалдауды<br>ұйымдастыру және<br>қозғалысты басқару | 25   | 159 980 | 328 440 |
| Барлығы |                                                                                               | 6221 |         |         |

Қостанай  
облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 507 қаулысына  
2-қосымша  
Қостанай  
облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 25 маусымдағы  
№ 255 қаулысына  
2-қосымша

## 2024-2025 оқу жылына арналған орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| №       | Мамандықтардың атауы                                                 | Орындар саны | Оқу жылы үшін бір білім алушыға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) |           |
|---------|----------------------------------------------------------------------|--------------|----------------------------------------------------------------------------|-----------|
|         |                                                                      |              | 2024 жыл                                                                   | 2025 жыл  |
| 1       | 01140100 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі               | 25           | 143 981                                                                    | 294 363   |
| 2       | 04110100 Есеп және аудит                                             | 84           | 146 443                                                                    | 299 605   |
| 3       | 04140100 Маркетинг (салалар бойынша)                                 | 84           | 146 443                                                                    | 299 605   |
| 4       | 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) | 30           | 146 443                                                                    | 299 605   |
| 5       | 09130100 Мейірбике ісі                                               | 45           | 1 179 500                                                                  | 1 213 200 |
| Барлығы |                                                                      | 268          |                                                                            |           |

